

29.08.2022

Жеңісіміз ҚР Конституциясы күніне арналады. №7 мектеп-лицей ұжымы 2022-2023 оқу жылын жаңа бастамалар, жақсы жаңалықтармен бастады. 2022 жылдың 27-28 тамыз аралығында өткен Республикалық « Жайдары жаздан естелік» атты онлайн өнер және шығармашылық байқауына 4 «а» сынып оқушысы Бақыт Іңкәр қатысып, эстрадалық вокал номинациясы бойынша I дәрежелі лауреат атағы мен «Көрермен көзайымы» номинациясын жеңіп алды. Осы орайда, жетекшісі Жаканова Бакира Каримбердиевнаға алғыс білдіреміз.



22.09.2022

«Менің кіші Отаным» республикалық жас тарихшылардың қалалық кезеңінде №7 мектеп - лицейінің дарынды, талантты 9 сынып оқушылары Сағынтай Ақбота мен Перузхан Асем II орын жеңіп алып, жүлдегерлер қатарынан көрінді. Жеңімпаз оқушылар мен жетекшілерін жетістігімен құттықтаймыз!



22.09.2022

3-4 сыныптар арасында 22 қыркүйек - тілдер күніне орай ұйымдастырылған «Өз тілінді құрметте!» атты мәнерлеп оқу сайысы болып өтті.

Әділқазылар алқасының шешімімен сайыс жеңімпаздары анықталып, марапатталды.

3 сыныптар бойынша:

I орын 3 «Ә» сынып оқушысы Әсетқызы Кәусар.

II орын 3 «В» сынып оқушысы Карагулов Айсұлтан, 3 «Д» сынып оқушысы Алимбек Інжу.

III орын 3 «Б» сынып оқушысы Марат Айару, 3 «Ж» сынып оқушысы Абдулла Айзере

4 сыныптар бойынша:

I орын 4 «В» сынып оқушысы Кеңес Диас

II орын 4 «А» сынып оқушысы Ғабитқызы Аяулым, 4 «Д» сынып оқушысы Бозжанова Жәния

III орын 4 «Ә» сынып Қуаныш Бауыржан, 4 «Е» сынып оқушысы Бәкен Адия
Ынтымағы жарасқан жаңа Қазақстанның бақытты да парасатты, білімді де, еңбекқор ұл-қызы болып өсе беріңдер!



19.10.2022

№7 мектеп-лицейінің 2«Ә» сынып оқушысы Жарқынбек Алихан Шымкент қаласында өткен, Жұманов Рашид Турғанбекұлын еске алуға арналған Таеквондодан (WT) III Халықаралық “SHYMKENT CUP” турнирінде 6-7 жас аралығында 21 кг салмақ дәрежесінде 1 орын иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Оқушымызды жеңісімен құттықтай отырып, биік белестерді бағындыра беруіне тілектеспіз!



20.10.2022

Қызылорда қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен қала мектептерінің 9-10 сынып оқушылары арасында «Денсаулық ұштағаны» атты әскери-патриоттық сайысы ұйымдастырылды.

Сайысқа №7 мектеп-лицейінің 9 «А» сынып оқушысы Тоқсанбаев Қамбар қатысып, қолды бүгіп жазу арқылы денені жерден көтеру жаттығуы (отжимание) бойынша ІІІ орынды иемденіп, Қызылорда қаласы бойынша қалалық білім бөлімінің дипломымен марапатталды.

Жетекшісі: АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы Н. Б. Дүйсенбаев.

Жеңістеріңіз құтты болсын! Жоғары биіктерден көріне беріңіздер!

Жарайсыздар!



02.11.2022

1 қараша күні №7 мектеп-лицейінде 3-4 сынып оқушылары арасында "Зерде" ғылыми жобалар сайысының мектепшілік кезеңі өткізілді.

Сайыс барысында оқушылардың таңдаған тақырыптары бойынша жан-жақты ізденгені, тыңғылықты дайындалғаны байқалды.

Жобалар тақырыптың өзектілігі, зерттеушінің тәжірибелер арқылы дәйектемелермен тақырыпты аша білуі, жобадағы өз көзқарастарын қорғай білуі, ұсыныстардың өміршеңдігі тұрғысында сараланды.

Сайыс соңында әділқазылар шешімімен үздіктер анықталып, қалалық кезеңге жолдама берілді.

🏆 I - орын алған оқушылар:

🌟 3 "Е" сынып оқушысы Ким Лия

🌟 3 "З" сынып оқушысы Амангелді Айсана

🏆 II - орын алған оқушылар:

🌟 3 "В" сынып оқушысы Төребай Інжу

🌟 4 "Д" сынып Самет Аян, Темірбек Мирас

🌟 4 "З" сынып оқушысы Амангелді Аружан

- 🌟 4 "Е" сынып оқушысы Нұғыманов Надир
- 🏆 III - орын алған оқушылар:
- 🌟 3 "В" сынып оқушысы Қалмұханбет Шыңғыс
- 🌟 4 "А" сынып оқушысы Өрікбай Рамазан
- ★ Болашақ ғалымдардың алғашқы қадамдарына сәттілік!



03.11.2022

№7 мектеп-лицейінің 2 "А" сынып оқушысы Сансызбай Айзере Шымкент қаласында өткен көркем гимнастикадан "AKIM CUP" "INTERNATIONAL TOURNAMENT" жарысында 2015 "А" тобы бойынша жүлделі 1 орынды иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

🌸 Айзерені жеңісімен құттықтаймыз. Әрдайым биіктерден көрініп, талай белестерді бағындыруына тілектеспіз



05.11.2022

№7 мектеп-лицейінің 2 "А" сынып оқушысы Оразалы Муслим Астана қаласында өткен Республикалық чемпионатта 7 жас, 20 кг салмақ дәрежесінде жүлделі 2 орын иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Оқушымызды жеңісімен құттықтаймыз! Биік белестерді бағындыра беруіне тілектеспіз!



10.11.2022

№7 мектеп-лицейінің ізденімпаз, білімді оқушыларымен қатар үздік нәтижелерге талпынатын білікті ұстаздарымызды жетістіктерімен құттықтай отыра, толағай табыстар тілейміз!

◆ «Талантты бала» қалалық ән байқауының жүлдегерлері:

🏆👑 Бас жүлде иегері Бақыт Іңкәр

👤 Жетекші ұстазы Б. Жаканова

🏆👑👑 3 орын иегері Бақытжанқызы Әсемай

👤 Жетекші ұстазы А. Орынбетова

◆ «Ақберен» өнер байқауының қалалық кезеңінде:

🏆👑👑 «Шешендік білгірлік» номинациясы бойынша 1 орын иегері Төлебай Айым

👤 Жетекші ұстазы: М. Андакулова

🏆👑👑 «Көркем сөз оқу» номинациясы бойынша 3 орын иегері Сағынайқызы Ақбота

👤 Жетекші ұстазы: Г. Кенжалиева

◆ Үстел теннисінен республикалық мұғалімдер спартакиадасында:

🏆👑👑 2 орын иегері Ідірісова Айгерім ҚР Оқу-ағарту министрлігінің дипломымен марапатталды!



14.11.2022

№7 мектеп-лицейінің 7 "Г" сынып оқушыларының түрлі жарыстардан үздік жетістіктерін назарларыңызға ұсынамыз.

Талаптарыңызға нұр жаусын, таланттарыңыз шындала берсін! Жеңімпаз шәкірттерімізді марапаттарымен құттықтаймыз және де шығармашылық табыс тілейміз!



23.11.2022

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар арасында өткізілген “Менің қолымнан бәрі келеді” атты облыстық олимпиадасының қалалық кезеңіне белсене қатысқаны үшін 5 "В" сынып оқушысы Тілеужан Нұргүл Алғыс хатпен марапатталды. Құттықтаймыз!



05.12.2022

№7 мектеп-лицейінің 2 «А» сынып оқушысы Оразалы Муслим Орал қаласындағы Қазақстан Республикасының кубогы бойынша өткен жарыста 7 жас, 20кг салмақ дәрежесінде жүлделі 2 орын иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Оқушымызды жеңісімен құттықтаймыз! Жеңіс туын желбіретіп, биіктен көріне бер, Муслим!



19.12.2022

№7 мектеп-лицейінің 2 "А" сынып оқушысы Сансызбай Айзере Қызылорда облысының көркем гимнастикадан өткен ашық чемпионатында жекелей бағдарлама бойынша өнер көрсетіп, жүлделі 1 орын иеленді.

Айзерені жеңісімен құттықтаймыз. Әрдайым биіктерден көрініп, жұлдызы жарқырай берсін!



21.12.2022

2-7 сынып оқушыларының "Зерде" республикалық зерттеу жобалары конкурсының облыстық кезеңінде мектебіміздің жас зерттеушілері биіктен көрініп, мектеп-лицейіміздің мерейін облыс көлемінде тағы бір асқақтатты.

🌍 Физика, космос бағыты бойынша 3 сынып оқушысы Амангелді Айсана 1 орын иемденіп, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢГЕ жолдама алды. Жетекшісі: А. Т. Дарменова

🌿 Медицина, психология, экология бағыты бойынша 3 сынып оқушысы Ким Лия 2 орын иеленді. Жетекшісі: А. Р. Ниязбаева

🇷🇺 Ағылшын тілі бағыты бойынша 4 сынып оқушысы Нұғманов Надир 2 орын иеленді. Жетекшісі: А. Б. Емжар

Талапты баланы таланттыға айналдыру - ұстаздық қызметтің өр шыңы. Жеңістеріңізбен құттықтаймыз! Жарайсыздар! Еңбектеріңіздің жемісін көріп, үздіктер қатарында жүріңіздер! Республикалық кезеңге сәттілік!



23.12.2022

№7 мектеп-лицейінің 4 «А» сынып оқушысы Бақыт Іңкәр өзінің әншілік өнерімен қала, облыс және республика көлемінде халыққа танылып келеді. «Көктем шуағы» атты республикалық байқауынан I орын, «Топ жарған» халықаралық өнер байқауынан I орын, III Республикалық «Керуен» байқауының Бас жүлдегер иегері атанып, Түркістан қаласына тегін жолдама алды.


Іңкәрдің бойындағы табиғат сыйлаған дарындылығы, қайсарлығы, елжандылығы, халыққа деген құрметі репертуарындағы көптеген әндерден көрініп тұрады. Іңкәрдің әншілік дағдыларын қалыптастырумен және дикциясымен жұмыс жасауда музыка пәнінің мұғалімі Жаканова Бакираның еңбегі зор. Оның орындауындағы «Жұмақ мекен», «Арманыма сенемін», «Бақытты бала» атты әндері өз өнерін насихаттауға елеулі үлес қосты. Іңкәр, өнерің үстем болсын! Биіктен көріне бер!



13.01.2023

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылды "Балалар жылы" деп жариялаған болатын. Еліміздің барлық аймақтарындағы мектеп оқушыларының ішінен дарынды балаларды анықтап, қолдау білдіру мақсатында "Ел үміті" дарынды балалардың "Ұлттық Антологиясы" Республикалық энциклопедиясы жарияланды. №7 мектеп-лицейінің 8 "А" сынып оқушысы Ашықбай Даниал қатысып жүлдегер атанды. Даниал таэквондодан республика, облыс, қала көлемінде жетістікке жетіп жүрген шәкіртіміз. Ашықбай Даниалды жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Білім жолында да биік белестерді бағындыра беріңіз. Марапаттарыңыз құтты болсын!



18.01.2023

Бейбітшілік Әлемі Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігі ұйымдастыруымен Ұлттық өнеріміз бен әдебиетімізді насихаттау жолында "БАБАЛАР РУХЫ - ҮН ҚАТТЫ" атты Халықаралық дәрежеде өткізілген өнер байқауында №7 мектеп-лицейінің өнерлі де, дарынды ұстаздары мен шәкірттері үздік жетістікке қол жеткізгені үшін ДИПЛОММЕН марапатталды. 🏆

🏆 БАС ЖҮЛДЕ иегері - Құлдасова Кәусар.

👤 Жетекші ұстазы: Қуанышева Лаззат

🏆 I дәрежелі диплом иегерлері - Ғалымжан Бексұлтан, Болтан Нұрсезім, Кеңес Райана.

👤 Жетекші ұстазы: Муханбетжан Ақайым.

🏆 I дәрежелі диплом иегерлері - Әбен Иманғали, Бауыржанұлы Әкімжан.
👤 Жетекші ұстазы: Орынбетова Айнұр.



26.01.2023

«Самрұқ» инновациялық орталығының ұйымдастыруымен өткізілген қалалық сайыста жүлделі орындарға ие болған шәкірттерімізді құттықтаймыз!

🏆 1-орын иегері 9 сынып оқушысы Сағынайқызы Ақбота (Қазақ әдебиеті пәні)

👤 Жетекшісі: Кенжалиева Г. А.

🏆 1-орын иегері 8 сынып оқушысы Сейтмұрат Ердаулет (информатика пәні)

👤 Жетекшісі: Дусбаева Нұржамал

🏆 2-орын иегері 8 сынып оқушысы Амангелді Мақсат (информатика пәні)

👤 Жетекшісі: Оспанова Асель

🏆 2-орын иегері 7 сынып оқушысы Сейдахмет Мейржан (информатика пәні)

👤 Жетекшісі: Жармаханова Динара

🏆 3-орын иегері 6 сынып оқушысы Аралбай Ерұлан (информатика пәні)

👤 Жетекшісі: Макашова Лиза Амангельдиевна

🏆 3-орын иегері 8 сынып оқушысы Марат Арсен (информатика пәні)

👤 Жетекшісі: Сариева Айгуль

🏆 3-орын иегері 6 сынып оқушысы Дүйсенбай Жанель (математика пәні)

👤 Жетекшісі: Қалабаева Сая

26.01.2023

«ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ» спорт түрінен Ұлттық мектеп лигасының 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілген жарыстың қалалық кезеңінде №7 мектеп-лицейі командасы III орын, ал аймақтық кезеңінде Д тобы бойынша жүлделі I орынға ие болды.

Жеңімпаз шәкірттерімізді құттықтаймыз! Биіктерден көріне беріңіздер!
Жеңіс қоржындарыңыз жүлделі орындарға толы болсын!



02.02.2023

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ (ҚАЛАЛЫҚ) II кезеңінен №7 мектеп-лицейінің 9-11 сынып оқушылары олимпиадаға қатысып жүлделі орындармен оралды:

◆ Перузхан Әсем - 9 «Ә» сынып оқушысы, Қазақстан тарихы пәнінен II-орын
Пән мұғалімі: Алпысбаева Гүлнар

◆ Гафуров Мухамедали - 10 «В» сынып оқушысы, орыс тілінде оқытатын сыныбындағы қазақ тілі пәнінен III-орын

Пән мұғалімі: Шамахова Гүлбану

◆ Ким Ильяна - 11 «Б» сынып оқушысы, орыс тілінде оқытатын сыныбындағы қазақ тілі пәнінен III-орын

Пән мұғалімі: Келман Кенже

◆ Ахметәліұлы Актілек - 11 «А» сынып оқушысы, Қазақстан тарихы пәнінен III-орын

Пән мұғалімі: Тулеубаева Ләззат

☀ Жеңіс тұғырынан көрінген дарынды, талантты, білімді шәкірттерімізді шын жүректен құттықтаймыз!



03.02.2023

Қызылорда Қаласының Білім бөлімі мен "Қызылорда Достық" ББО ұйымдастыруымен 20.11.2022-04.12.2022ж. аралығында №7 мектеп-лицейінің 5 сынып оқушылары арасынан Республикалық деңгейде өткен "DOSTYQ" олимпиадасына 202 оқушы қатысып, 36 оқушы үздік нәтиже көрсетті. Соған орай Достық ББО-ның 10% жеңілдік сертификатын жеңіп алды.

Оқушыларымызға жеңісті күндер мен жоғары жетістікке жете берсін дейміз!



03.02.2023

Қызылорда Қаласының Білім бөлімі, «Кітап Құрттары» кітап клубы және Абылай Хан атындағы мектептің ұйымдастыруымен өткізілген «КQQ-Кітап Құрттары Quiz» интеллектуалды ойынында 10 «А» сынып оқушысы Әліш Ақәділ, 10 «А» сынып оқушысы Мухамбетияр Жарқын, 10 «Б» сынып оқушысы Мырзабек Ұлан белсене қатысқаны үшін АЛҒЫС хатпен марапатталды.

☀ Шығармашылық табыстар тілейміз, жетістіктеріңіз көп болсын!



Жетекшісі: Ілиясова Гүлнұр.



03.02.2023

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ (ҚАЛАЛЫҚ) II кезеңінде информатика пәні бойынша жүлделі 2 орын алған 9 «Ә» сынып оқушысы Маратбек Ержан мен жетекшісі Дусбаева Нұржамал ұстазды құттықтаймыз!

Еліңе қалана біл кірпіш болып,

Жан жақты гүл жайнаған түр, түс болып.

Өмірде алынбайтын қамал болмас,

Білімге бойлай білсең, тың күш болып.!

Ой мен ақыл және парасат пен пайымды жүрегіне жақын еткен, білімді, дарынды оқушымызды мақтан етеміз, ұлағат пен ұжданды жанына серік қылған ұстазына толағай табыстар тілейміз!



07.02.2023

Білімділер бақ сынасқан **ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ (ҚАЛАЛЫҚ) II кезеңі** де өз мәресіне жетті.

🌸 №7 мектеп-лицейінің 9-11 сынып оқушыларының арасынан олимпиадаға қатысып жүлделі орын алған оқушыларымыз:

🏆 11 «Ә» сынып оқушысы Кеңесбай Асылжан, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен II-орын иегері

👤 Пән мұғалімі: Шамахова Гүлбану 🌸

🏆 9 «Б» сынып оқушысы Айтжан Нұрсұлтан, құқық негіздері пәнінен III-орын иегері

👤 Пән мұғалімі: Избақыш Бейбіт 🌸

🌟 10 «В» сынып оқушысы Ержас Мадина, ағылшын тілі пәнінен АЛҒЫС иегері

👤 Пән мұғалімі: Смаилова Ш. А. 🌸

🌟 «Білім адам бойына біткен ең мықты қару» демекші, білімді шәкірттеріміз білім көкжиегіне шыға берсін! Сіздерге шығармашылық табыс тілейміз!

Еңбектеріңіз әр қашанда жоғары бағаланып, абыройларыңыз асқақтай берсін!

СІЗДЕРГЕ КӨП-КӨП РАҚМЕТ! 🌸🌸🌸 Құрметті ұстаздар шәкірттеріңізбен биік шыңдардан көрініп, еңбектеріңіз жана берсін!



09.02.2023

Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп базасында ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ (әдістемелік кабинет) ұйымдастыруымен жалпы орта білім беру ұйымдарының 11-сынып оқушылары арасында «BATTLE OF MINDS» интеллектуалды сайыс өтті.

🌸 Сайыстың нәтижесінде жоғары нәтиже көрсетіп I орын иеленгені үшін «DOUBLE G» (green team) командасында ұжымшылдықпен өз білімін үздік деңгейде көрсеткен №7 мектеп-лицейінің 11 «А» сынып оқушысы Оразалы Аиданы құттықтаймыз! Жетістіктерің көп болсын!



22.02.2023

Жалпы орта білім беру ұйымдары арасында «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ - ТАРИХИ ТҮЛҒА, ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ» тақырыбында өткен мектеп театрларының облыстық байқауының қалалық кезеңінде 30 мектептің ішінен оза шыққан №7 мектеп-лицей оқушылары үздік сахналық қойылым көрсеткені үшін 9 «Ә» сынып оқушылары мектеп қоржының жүлделі 2 орынмен толықтырды.

Өнерлерің өрге жүзсін, шығармашылық табыстар тілейміз! 🌸



28.02.2023

8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесі күніне орай Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен 🏡 Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мектеп базасында әскери-қолданбалы спорт түрлерінен "МЕРГЕН АРУ - 2023" қалалық сайысы өткізілді.

✅ Қалалық сайыс 10-11 сынып оқушылары қыздар арасында ұйымдастырылып, 120-дан астам оқушы қатысты.

♦ "Мерген ару-2023" әскери-қолданбалы спорт түрлерінен өткен қалалық жарыста "Ак-74 оқу қаруын толық емес бөлшектеу және жинақтау" сайысында №7 мектеп-лицейінің 10 "А" сынып оқушысы Қуанышбек Нұрай жүлделі 🏆 орынды иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алды.

♦ "Алғашқы медициналық көмек көрсету" командалық сайысы бойынша №7 мектеп-лицейінің оқушылары жүлделі 🏆 орынды иеленді.

🏆 Жарыстың жүлдегерлерімен жеңімпаздары қалалық білім бөлімінің дипломдарымен марапатталды.

🏡 Жетекшісі: АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы Дүйсенбаев Нұржан Батырбекұлы.



18.03.2023

”Дарын” республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен а.ж. 15-18 наурыз арлығында «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы базасында өткізілген XVIII республикалық «Зерде» конкурсы өткізілді. Конкурста Қызылорда облысы бойынша 24 жобамен 27 оқушы қатысып нәтижесінде жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болып, оза шапқан оқушылар Гран-При, I, II III дәрежелі дипломдармен және грамота иеленді.

🏆 Гран-При иегері

Садық Роза-Қызылорда қаласы, №5 мектеп, 6 сынып

🥈 орын иегерлері

Алтынбекқызы Аруана- Қазалы ауданы, №102 мектеп, 2 сынып

Қанашбай Шерхан-Қызылорда, №4 ОММЛИ, 7 сынып

Абдуманап Несібелі-Қызылорда, №4 ОММЛИ, 7 сынып

🥉 орын иегерлері

Пахрадин Мейірлан- Қазалы ауданы, №249 мектеп, 4 сынып

Алиасқар Тоғжан-Қызылора, Абай мектебі, 7 сынып

Никсонқызы Макенай-Қазалы ауданы, №249 мектеп, 7 сынып

Төлеген Асылзат- Сырдария ауданы, №42 мектеп, 4 сынып

Жұмабайқызы Гүлсезім-Сырдария ауданы, №42 мектеп, 4 сынып

Тұрмахан Айша- Қызылорда қаласы, №101 мектеп, 5 сынып

🥈 орын иегерлері

Жаппасбай Салтанат-Қызылорда қаласы, №261 мектеп, 7 сынып

Әділбекова Жанель- Қармақшы ауданы, №85 мектеп, 7 сынып

Серікбай Салтанат- Шиелі ауданы, №149 мектеп, 4 сынып

Мұханбетқалиев Санжарбек- Қызылорда, №4 ОММЛИ, 7 сынып

Жұмағалиев Ерасыл-Қызылорда, №4 ОММЛИ, 7 сынып

Жасталап Айару-Қазалы ауданы, №102 мектеп, 3 сынып

Таңатар Ақберді-Қазалы ауданы, №102 мектеп, 3 сынып

Тұрсынбек Бекзат- Жалағаш ауданы, №201 мектеп, 5 сынып

Болатбек Ернат-Жалағаш ауданы, №201 мектеп, 5 сынып
Әскербекова Еркежан- Сырдария ауданы, №35 мектеп, 7 сынып
Нұрберген Серікболсын-Қазалы ауданы, №92 мектеп, 7 сынып
Грамота иегерлері

Әбжаппар Айзере- Қызылорда қаласы, №101 мектеп, 4 сынып
Амангелді Айсана-Қызылорда қаласы, №7 мектеп, 3 сынып
Қылышбек Сәния-Сырдария ауданы, №42 мектеп, 4 сынып
Қатысушыларды жеңістерімен құттықтаймыз!

Сыр елінің жұлдызын биікте жарқыратар жас дарындарға толағай табыстар тілейміз!



18.03.2023

”Дарын” Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен а.ж. 15-18 наурыз арлығында «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы базасында өткізілген XVIII республикалық «Зерде» конкурсына қатысып, ГРАМОТА иегері атанған 3 «З» сынып оқушысы Амангелді Айсананы шын жүректен құттықтаймыз! 🌸🌟
Жетістіктерің көп болсын, биіктерден көріне бер!



05.04.2023

Жуырда ІІІ Республикалық «Beles» өнер байқауында өнер көрсетіп вокал номинациясы бойынша  БАС ЖҮЛДЕГЕ ие болған талантты шәкіртіміз БАҚЫТ ІҢКӘРДІ құттықтаймыз!

Жас жұлдызға шығармашылық табыс, алдағы уақытта бағындырар жаңа белестерінде сәттілік тілейміз! Жетекшісі Жаканова Бакира

Каримбердиевнаға ерекше алғысымызды білдіре отырып, еңбек жолында мол табыстар тілейміз!



05.04.2023

Халқымыздың әдет-ғұрпын сақтау, салт-дәстүрін қадірлеу мақсатында өткізілген «Қыз-еркем, өнерімен көркем» атты дәстүрлі қалалық арулар байқауына қатысып үздік өнер көрсеткені үшін №7 мектеп-лицейінің 9 «Ә» сынып оқушысы БАЗАРБАЙ РАУШАН жүлделі 3  орын иеленіп қалалық мәдениет және спорт бөлімі басшысының ДИПЛОМЫМЕН марапатталды.

 Биік белестерді бағындыра беріңіз! Жеңістеріңіз көп болсын!

 Жетекшісі: Мектеп тәлімгері Азаматова Нуршат Батырбековна



25.04.2023

7-8 сынып оқушылары арасында республикалық юниорлық олимпиаданың II-қалалық кезеңіне қатысып жүлделі орын алған оқушыларымызды құттықтаймыз!

🏆🌸 7 “Г” сынып оқушысы Ерланұлы Мұрат - физика пәнінен II-орын иегері
Пән мұғалімі: Әлібаева Ұлбосын Әбжанқызы 🌸

🏆🌸 7 “Д” сынып оқушысы Сейдиш Миржан - информатика пәнінен III-орын иегері

Пән мұғалімі: Әбдірахман Әбдімаулен ⭐

🏆🌸 8 “Ә” сынып оқушысы Серік Аңсар - информатика пәнінен АЛҒЫС ХАТ иегері

Пән мұғалімі: Жармаханова Динара 🌸

🌸 Құттықтаймыз! “Білім адам бойына біткен ең мықты қару” демекші, білімді шәкірттеріміз білім көкжиегіне шыға берсін! Сіздерге шығармашылық табыс тілейміз! Еңбектеріңіз әр қашанда жоғары бағаланып, абыройларыңыз асқақтай берсін!



28.04.2023

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келді.

📺 Дарын облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен Талдысу тынығу лагерінде дайындық курсына қатысып жатырған №7 мектеп-лицейінің үздік шәкірті, 9 «Ә» сынып оқушысы Перузхан Әсем керемет жетістіктер көрсетуде! Қызылорда облысының әкімі

Н. Нәлібаевтың мақтауына ие болып, сонымен қатар бүгін әр өңірдің үздіктері жиналған ортада Оқу-ағарту министрімен кездесіп, тілдесті.

✦ Керемет әсерлі шараға қатысып, жаңа серпін алған оқушымыз мақтаныш сезімімен ұстаздарына шексіз алғысын білдірді. Шәкіртіміздің белес биігіндегі қуанышы - біздің үлкен жетістігіміз!

🌱 Әсемге қанатың талмасын, жетістіктерің көп болсын деп тілек білдіреміз!



04.05.2023

Қызылорда облысы білім басқармасының "Дарын" облыстық қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен "Сыр Дарыны" оқу-жаттығу жиынына қатысушылар арасында жасөспірімдер олимпиадасына іріктеу кезеңінде математика пәні бойынша ІІ-Орын иеленіп, марапат алған №7 мектеп-лицейіміздің 8 «Ә» сынып оқушысы Ильяс Жансая және жетекші ұстазы Маханбетова Қымбат Аманкелдіқызын ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Тәжірибесі, еңбек жолы жастарға үлгі боларлық ұлағатты ұстазымызды құттықтай келе, Жансаяға Қазақ елінің туын биіктерден көрсетіп, арман-мақсаттарың орындалсын дейміз, жетістіктеріңіз көп болсын!



09.05.2023

314kz оқу орталығының ұйымдастырылуымен Қызылорда қаласында ең ауқымды «Қызықты математика» тақырыбында олимпиада өткізіліп, 4-5 сынып оқушылары математикадан түрлі логикалық тапсырмаларды орындап І, ІІ турдан да жақсы көрсеткіш көрсетіп, жүлделі ІІІ орын мен 20 000 тг ұтысты иемденген №7 мектеп-лицейінің 5 «А» сынып оқушысы Бекболат Бақытжан мен жетекшісі Абылбекова Баян Рахатқызын шын жүректен ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!



12.05.2023

Білім саласының ардегері С. Нұртаев атындағы 9-10 сынып оқушыларына арналған Қазақстан тарихы пәнінен өткен олимпиадада №7 мектеп-лицейінің 9 «Ә» сынып оқушысы Перузхан Әсем Жүнісқызы 🏆 жүлделі 1 ОРЫНДЫ иеленіп, Қармақшыда өтетін ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢГЕ ЖОЛДАМА ҰТЫП АЛДЫ. 🌟👏

👤 Пән жетекшісі: Алпысбаева Гүлнар Төлегенқызы 🌹🌟

Білекті - бірді жығады. Білімді - мыңды жығады,- деп дана халқымыз атқандай, білім - жеңілмейтін қару, қараңғы түнде адастырмас жарық жұлдыз іспеттес! Білім жолында жұлдызы жарық шәкіртіміз бен жетекші ұстазын шын жүректен жүлделі орынмен құттықтай отырып, облыстық кезеңге сәттілік тілейміз! Жетер жетістіктеріңіз, алар асуларыңыз көп болсын!



17.05.2023

Жалпы білім беру ұйымдарында бастауыш сыныптар арасында өткізілген қалалық олимпиада кезеңінде математика пәні бойынша оқушыларымыз үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарды иеленді.

🏆 Жұманов Сұлтан - 2 орын, жетекшісі - Жақыпова Назым,

🏆 Кулмағанбет Нурислам - 2 орын, жетекшісі - Ниязбаева Алма,

🏆 Жанғабылұлы Бекарыс - 3 орын, жетекшісі - Хегай Эльвира.

Білім бәйгесінде оза шапқан білімді шәкірттеріміз бен бабын келістіре баули білген жетекші ұстаздарымызды құттықтай отырып, алдағы уақытта да биіктен көріне беріңіздер демекпіз.



18.05.2023

Шәкірт талантын танып, талабын ұштай білген ұстаз оның биік мақсаттарға ұмтылуының алғышартын да қалай білері сөзсіз.

📌 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының XVIII республикалық "Зерде" конкурсындағы ерекше жетістігі үшін арнайы Грамотамен марапатталған 3 "З" сынып оқушысы Амангелді Айсана және жетекшісі Дарменова Алинаны Қызылорда облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Ә.Ізімбетов "Сыр дарындары" қатарында марапаттады.



18.05.2023

М. Ералиева атындағы мәдениет Үйінің ұйымдастыруымен Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылығына орай ақын өлеңдерін мәнерлеп оқудан мектеп оқушылары арасындағы "Назым сөздің шебері" атты дәстүрлі қалалық байқаудың жеңімпаздарын құттықтаймыз!

🏆 6 "Г" сынып оқушысы Қалдыбай Назерке 🏆 I дәрежелі диплом

👩 Жетекшісі: К. Сматылдаева 🌹

🏆 8 «Ә» сынып оқушысы Төренияз Нұрай II 🏆 дәрежелі диплом

👩 Жетекшісі: М. Андакулова 🌹

🏆 Дүйсенбай Жанель 🏆 II дәрежелі диплом

👩 Жетекшісі: К. Сматылдаева 🌹

🏆 5 «Е» сынып оқушысы Алматықызы Назым II 🏆 дәрежелі диплом

👩 Жетекшісі: Г. Жүсіпбекова 🌹

🏆 Кәрісбек Алуа 🏆 II дәрежелі диплом

👩 Жетекшісі: Э. Сұлтанова 🌹

🏆 5 «Ә» сынып оқушысы Төребекұлы Нұрмұхаммед III 🏆 дәрежелі диплом

👩 Жетекшісі: А. Тұрсынбаева 🌹

Оқушыларымыздың жүлделі орындарымен шын жүректен құттықтаймыз!
Жетістіктеріңіз көп болсын!



18.05.2023

Бүгін мектебімізде 2 сыныптар арасында «Зерде» интеллектуалдық сайысы өткізілді.

📌 Сайыстың мақсаты: оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, білім құмарлыққа баулу, шапшаң есептеу машықтарын, есте сақтау, зейінін дамыту.

Оқушылар сайысқа белсене қатысып, өз білімдерін көрсетті.

Әділқазы алқалары шешімімен төмендегі оқушылар жеңімпаз атанды:

🏆 Бас жүлде – 2 «Ә» сынып оқушысы Анарбай Арайлым

🏆 1 орын – 2 «А» сынып оқушысы Өрікбай Мерей

🏆 2 орын – 2 «В» сынып оқушысы Жандәулет Мирас

🏆 3 орын – 2 «Г» сынып оқушысы Мейрамбекқызы Айару

🏆 Алғыс хат- 2 "Б" сынып Сәкенқызы Айару

2 "Д" сынып Бердікүл Раян

2 "Е" сынып Жомарт Айару

Оқушыларымыз биік белестерді бағындыра берсін! ЖАРАЙСЫЗДАР!



20.05.2023

Абылайхан атындағы 140 орта мектебі базасында "Ғылыми бағдар беру" шеберханасының ұйымдастыруымен 8 -10 сынып оқушылары арасында өткізілген облыстық ғылыми жобалар байқауының жеңімпаздарын ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! 🌹🌟🌟

🏆 Орыс тілі мен әдебиеті секциясы бойынша 8 сынып оқушысы Сахи Маржан III 🏆 дәрежелі диплом 🌟

👩 Жетекшісі: Килибаева Рауа Маликовна 🌹

🏆 Тарих секциясы бойынша 8 сынып оқушысы Сеилхан Жанерке III 🏆 дәрежелі диплом 🌟

👩 Жетекшісі: Избақыш Бейбіткүл Оңдасынқызы 🌹

🌟 Жетістіктеріңіз көп болсын! Биік шыңдарды бағындыра беріңіздер!



20.05.2023

«БОЛАШАҚ» университетінің жоғары колледжі және «АМАНАТ» партиясы «Жастар рухы» Жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалымен бірлескен «Бәсекеге қабілетті жастар: Білім, ғылым және Технология» тақырыбындағы 9-сынып оқушылары арасында химия-биология пәндерінен қалалық пәндік олимпиадасында жүлделі орындар иеленген №7 мектеп-лицейінің дарынды шәкірттерін құттықтаймыз! 🌹

🏆 Елешова Мирамкуль ұстаздың жетекшілігімен пәндік олимпиаданың жүлдегері - БАЗАРБАЙ РАУШАН II дәрежелі ДИПЛОМ 🌟🌟🌹

🏆 Боранова Ләйлә ұстаздың ұстаздың жетекшілігімен пәндік олимпиаданың жүлдегері - ҚУАНЫШБЕК НҰРАЙ III дәрежелі ДИПЛОМ 🌟🌟🌹

Жеңімпаз шәкірттерімізбен әрқашанда мақтанамыз! Талаптарың шындала берсін! Ұстаздарымызға абырой биігінен көріне беріңіздер деген тілекпен, АЛҒЫС білдіреміз!



02.06.2023

"Дарын" облыстық қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен 23-26 мамыр аралығында "Қауіпсіз интернет-қауіпсіз өмір" тақырыбында қашықтан облыстық бейнежазба байқауы өткізілді.

Байқау нәтижесінде №7 мектеп-лицейінің 6 "Г" сынып оқушылары Амантай Мадияр және Байзақов Нұрислам III орын иеленді.

Жетекшісі: Сматылдаева Камшат.

Жетістіктерің құтты болсын, жас дарындар!!!



13.06.2023

ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен 5-9 сынып оқушылары арасында өткізілген Республикалық "Тарих ата" қашықтық олимпиадасының қорытынды турының жеңімпаздарын ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! ✨

І дәрежелі диплом - Сағынайқызы Ақбота

🏆 I дәрежелі диплом - Мергенсаев Біржан

👤 Жетекшісі: Избакыш Бейбіт 🌹

🏆 I дәрежелі диплом - Кеңесбай Томирис

🏆 I дәрежелі диплом - Базарбай Раушан

🏆 II дәрежелі диплом - Перузхан Әсем

🏆 II дәрежелі диплом - Маратбек Ержан

👤 Жетекшісі: Алпысбаева Гүлнар 🌹

🏆 II дәрежелі диплом - Ерғали Самина

🏆 II дәрежелі диплом - Даурова Диляра

🏆 III дәрежелі диплом - Перузхан Биназ

👤 Жетекшісі: Ибраева Балзира 🌹

🏆 I дәрежелі диплом - Сейтжан Меруерт

🏆 III дәрежелі диплом - Төребек Нұрмұхамед

👤 Жетекшісі: Тулеубаева Лаззат 🌹

🏆 II дәрежелі диплом - Үсен Айдос

🏆 III дәрежелі диплом - Батиханова Жібек

🏆 III дәрежелі диплом - Бахыт Бағдаулет

🏆 III дәрежелі диплом - Алматқызы Назым

👤 Жетекшісі: Ақсақалова Нұрила 🌹

🌟 Қорытынды тур жүлдегерлерін дайындап, ел болашағы - ойы ұшқыр, білімді, парасатты жас дарындарға жетекшілік жасаған пән мұғалімдері "Дарын" Республикалық ғылыми-практикалық орталығының АЛҒЫС хатымен марапатталды. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ ЖЕҢІСТЕРІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



24.06.2023

“Bilim-orkenietі” ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Астана қаласында өткен “Ұлы дала дарыны” атты республикалық байқауда жүлделі 1-орын алған 5 “Е” сынып оқушысы Батиханова Жібек пен жетекшісі Жүсіпбекова Гүлім ұстазды құттықтаймыз!

☀ Дарынды оқушымыз Жібекке биік белестерді бағындырып, жұлдызың жарқырай берсін демекпіз! Шәкірттерінің зейінін ашып, оқу- білімге баулып жүрген ұстазына толағай табыстар тілейміз!

